«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары: дереккөздері, сюжеттері, текстологиясы» тақырыбындағы Абиханова Гульжанат Даутбековнаның диссертациясына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

І. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

Қытай халық республикасының Шыңжаң автономиялы ауданында тұратын қазақтардың ауыз әдебиеті мен фольклорлық мұраларын зерттеу бүгінгі күннің көкейкесті мәселелердің қатарынан орын алады. Негізінен ата кәсіппен айналысып, мал шаруашылығын дамытқан Алтай қазақтары бұрынғы ата-баба дәстүріне деген беріктігімен, фольклорлық мұралардың көп сақталғандығымен ерекшеленеді. Ұмыт боп қалған «Жеті қаған», «Бақтиярдың қырық бұтағы» секілді көлемді жырларымыз да сол жақтағы жыршылардың аузынан жазылып алынды. Осыншама мол мұраларымыз Қытай жерінде жарыққа шығып жатса да, ол жақтағы мәдени мұраларымыз кешенді түрде зерттелмеді. Соңғы жылдары ғана «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері арнайы экспедициялар ұйымдастыру нәтижесінде көптеген фольклорлық және әдеби мұраларымыз жинақтала бастады. Мәтіндерді жанрына қарай бөлу, текстологиялық талдаулар жасау, теориялық тұрғыдан зерттеу жұмыстарын жүргізу қай уақытта да өзекті болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі сол осы күнге шейін Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларын арнайы зерттеу мәселесі күн тәртібіне қойылмаған болатын. Ізденуші қазақтың ғашықтық жырларының нұсқаларын салыстыра отырып, жырлаушылар тарапынан қосылған толықтырулар мен өңдеулерге, жырдағы стильдік ерекшеліктерге мән бере қарайды. Жыр тарихындағы маңызды оқиғаларды, поэтикалық ерекшеліктерді, жаңа мағлұматтарды табуымен диссертацияның мазмұнын арттыра түседі. Сонымен бірге Қытайда жарық көрген сирек кездесетін басылымдар мен онда жарияланған мәтіндерге текстологиялық талдаулар жасап, тың концепция ұсынады. Кейбір жарияланбай жатқан мәтіндерді ғылыми айналымға енгізуімен ерекшеленеді. Қолжазба қорында сақталған көптеген мәтіндер араб қарпіндегі «ескі жазу» үлгісінде сақталған, Қытай жерінде кітап болып басылған жырлар «төте» жазу үлгісімен берілген, кейбір нұсқалар латын, кирилл қаріптерінде хатқа түскен. Бұл мәтіндерді оқу, мазмұнын талдау, авторларын анықтау және жүйелеу белгілі қиындықтар тудыратыны белгілі; әрбір қолжазбаны қарағанда өзіндік қиындықтары кездеседі, сондықтан зерттеушіден ғылыми машықтарды, әдістерді талап етеді. Қолжазба күйінде сақталған жыр үлгілерін табу, бұрын жарияланған дүниелермен салыстыру, ғылыми айналымға түсірудің өзі ыждағаттықты

талап етеді. Осы негізде алып қарайтын болсақ, ізденуші Г.Абиханованың зерттеу тақырыбы бойынша қажетті деректерді араб қарпінен кирилл қарпіне ауыстырып оны талдауының өзі, зерттеушінің еңбекқорлығын, ғылыми сарапшылық қабілетін, жазуға бейімділігін көрсетеді. Оның ізденісінің нәтижесінде осы уақытқа дейін ғылыми айналымда болмаған кейбір журналдар да зерттеу нысандарына айналды. Докторант Г.Абиханова ғашықтық жырларды зерттеу барысында бүгінге дейін қолданыста болмаған 8-мәтінін тауып оны ғылыми айналымға енгізе алды .

Осыған дейін біраз еңбектер жазылғанымен қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары арнайы диссертация деңгейде зерттелген емес. Диссертациялық еңбекте Қытай қазақ ғашықтық жырлары алғаш рет зерттеу нысаны ретінде алынып отыр. Бүгінге дейін зерттеу нысанына айналмаған жырлар зерттеу жұмысының зәрулігі мен өзектілігін айқындайды.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалары» бойынша басым бағытқа жататын «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» бөлімінің «Әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері және пәнаралық зерттеулер» атты 5.1.1. тармағының мазмұнымен сәйкес келеді.

II. Автордың өзі жазу принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Ізденуші бұл тақырыпты игеруде көп ізденгендігі, теориялық еңбектерді оқып жан-жақты мағлұмат алғандығы, жазу стилі төселгендігі көрініп тұр. Ғылыми деңгейінің өскендігі, мәтіндермен жұмыс жасауда ысылғандығы аңғарылады. Ойы жинақы, тұжырымдары жүйелі әрі ғылыми жұмыста тиянақтылық бар. Тақырыбы айқын және оның зерттелу деңгейінің жоғары, кәсіби мамандардан тәлім алғандығы, тәжірибе жинақтағандығы байқалады, әрі қолжазба қорларымен тікелей жұмыс жасауы – зерттеліп отырған тақырыбының жоспарын нақты әрі дұрыс құруға, ғылыми жүйесін анық та дәл қоя білуіне, табылған дерек көзін орынды пайдалана отырып, өзінің пікірін ішкі бірлікте өрбітіп, мазмұн тұтастығын нақты тұжырымдауға мүмкіндік берген. Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұраларының жинақталу тарихына зер сала отырып, оның әр кезеңдегі жариялану, жинаушылар мен айтушылардың мағлұматтарын зерделеу, зерттелу аймақтарының картасын жасау, ғашықтық жырлардың сюжеттік айырмашылықтары мен типологиясы, текстологиялық жағы ғылыми аспектіде зерделеніп, практикалық және теориялық тұрғыдан өнімді жұмыс жасалынған. Ұсынылған тұжырымдар бір-бірімен байланыста қарастырылған, жұмыстың ішкі бірлігі сақталған. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің орнықтылығы, дәлелдігі күмән туғызбайды. Табылған материалдар ғылыми жағынан зерттеліп, оған қатысты жасаған тұжырымдары бір-бірін толықтырып отырады. Алынған нәтижелер қойылған мақсатқа жету үшін орындалатын міндеттердің тұтастығынан туындаған.

Диссертанттың теориялық дайындығы, салыстыра қарастырылған материалдардың молдығы тақырыптың жүйелі түрде тыңғылықты зерттелуіне игі ықпал еткен. Іденушінің ғылыми тұжырымдары ғылыми жаңашылдығымен, ой жүйелілігімен және тұжырымдарының дәйектілігімен ерекшеленеді.

III. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағидасы) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындының жаңалық деңгейі ретінде мынадай жағдайларға тоқтап өтім келеді:

Бірінші ғылыми нәтиже - жаңа; ізденуші диссертация жазу барысында Қытай қазақтарының фольклорлық мұралардың жинақталу, жариялану кезеңдеріне тоқталады. Ғашықтық жырлардың варианттары мен версияларын жүйелі түрде талдауға күш салған. Ғашықтық жырлардың жырлану аймақтарын анықтап, таралу аймақтарының картасын жасаған. Ғылыми-теориялық тұрғыда кешенді талдаулар жүргізіп, деректік құжатнамасы мен жанрлардың ерекшеліктерін талдап көрсеткен.

Екінші ғылыми нәтиже - жаңа; Ізденушінің ғашықтық жырларда кездесетін мотивтердің шығу тарихына бойлай білген, оны арнайы зерттеу объектісіне айналдырған. Шығыстық сюжетке құрылған дастандарда жиі ұшырасатын тұрақты мотивтер мен кейбір сюжеттерді зерттеуде қолданатын классикалық үлгілерге салу жұмыстың мазмұнын арттырады. Жыр сюжеттеріндегі қолданылған мотивтер жүйесін құрауда әлемдік классификация Аарне-Томсонның индекс жүйесін пайдаланып, мотивтерді нөмірлеп, жаңа жіктеме жасаған. Бұл бұрын зерттелмеген жұмыстың жоғары нәтижеге қол жеткізгендігін көрсетеді.

Үшінші ғылыми нәтиже - жаңа; докторант Гульжанат Абиханова осы кезге дейін бұл жанр бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген Қытайдағы зерттеушілердің тұжырымдары мен Қазақстандағы фольклортанушы ғалымдардың еңбектеріне назар аударады. Бұрынды-соңғы зерттеу жұмыстарын диссертациялық жұмысқа орнымен пайланған. Зерттеу нысанды ғылыми тұжырымдармен дәйектеп бере білген.

Төртінші ғылыми нәтиже – жаңа; докторант Қолжазба қорларында сақталған және Қытайда жинақталған бірақ, бүгінге дейін ғылыми айналымға енбеген ғашықтық жырлар мен романдық дастандардың мәтіндеріне текстологиялық зерттеу жүргізген. Мәтіндерда орын алған өзгерістер мен түпнұсқаны оның вариант-версияларын өзара салыстырады. Нәтиженің жаңалығы жоғары.

IV. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.

Бірінші ғылыми нәтиже. Ізденуші Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұраларының жиналуы мен жариялану, зерттелудің кезеңдеріне талдау жасаған, материалдардың қайдан, қандай жағдайда жинап

алынғандығының тарихнамасы мен оны зерттеушілер мен жинаушыларды, жырлаушыларды анықтап, аймақтық картасын енгізген. Нәтижені шынайы деп бағалаймыз.

Екінші ғылыми нәтиже. Ізденуші алдымен ҚХР-да жинақталған материалдардың зерттелуі мен жариялануына мән берген, кейін оның Қазақстанда зерттелуі мен жариялануын салыстыра отырып қорытынды жасаған. Жырлардың сюжеттік ерекшеліктері анықталып, дастандардың мазмұндық схемасы жасалып, жеке-жеке көрсетілген. Қытайдағы зерттеушілер тарапынан жырдың өзіне тән классификациясы ашылмағандығын да анықтаған. Шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

Үшінші ғылыми нәтиже.

Гульжанат Абиханова Қытайдағы қазақтардың ғашықтық жырларын зерттеу барысында ондағы нұсқалардың көлемді болып келетіндігі, ішінара эпизодтармен толығып отыратындығын анықтаған. Осындай жағдайда Д.Лихачев енгізген «Извод» терминін орынды қолданған. Бұдан бөлек шығыстық сюжетке құрылған дастандардың да жанрылық ерекшеліктерін анықтап, ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Абиханованың көп ізденгендігі және жұмыстың деңгейінің жоғары болғандығын көрсетеді.

V. Академиялық адалдық принципі.

Г.Д.Абиханованың зерттеу жұмысында академиялық адалдық принципін толықтай ұстанған деп сеніммен айта аламыз. Диссертацияда жалпы саны 140 тан астам дереккөзді пайдаланған. Ізденуші авторлық құқық нормаларын сақтаған. Әдебиеттерге, авторларға және олардың түйінді сөздеріне сілтеме беріп отырады. Ғылыми жұмыста академиялық адалдық принципіне қайшы келетін қандай да тұжырым, мәтін немесе идея бұрмалаушылықтарын байқамадық.

VI. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы

Докторанттың жұмысы тұтастай ішкі логикалық бірлікке ие, дәстүрлі (классикалық) романдық эпос пен ғашықтық дастандардың жанрлық ерекшелігі ажыратылып, олардың типтерін бөлуі, ғылыми тұрғыдан талдануы, дереккөздері, теориялық және практикалық мәслелері нақты сабақтастықта жүйеленген.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқылатын фольклортану пәні мен оған қатысты арнаулы курстарда дереккөз ретінде пайдалануға болады.

VII. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы

Диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары, қорытындыларының талапқа сай жеткілікті түрде жариялануы расталынады: 1 мақала нөлдік емес импакт-фактор ғылыми басылымында, 4 халықаралық конференция жинақтарында, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және

Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 1 мақала ұжымдық монографияда жарияланған.

VIII. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныстар, пікірлер.

– Диссертант пайдаланған кейбір сілтемелер тым ұзақ болып келеді. Жаңа талапқа сәйкес сілтемелер қысқа көлемде алынғаны жөн;

– Диссертациялық жұмысты оқу барысында техникалық қателер мен әріптік қателер кездесіп отырады.

Бірақ бұл айтылған кемшіліктер тұтастай алғанда жұмыстың құндылығын ешбір төмендетпейді, негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді және олар кеңес беру ретінде ұсынылған.

IX. Мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды беріледі

«Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары: дереккөздері, сюжеттері, текстологиясы» атты диссертациясының тақырыбы өзекті. Жұмыс қазақ фольклортану ғылымы теориясының дамуына үлес қоса алатын, ғылыми аппараты дұрыс, толық аяқталған зерттеу. Осы аталғандардың негізінде жұмыстың авторы – Абиханова Гульжанат Даутбековна «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп бағаланады.

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-і,
Түркология ғылыми-зерттеу
институтының жетекші ғылыми
қызметкері ф.ғ.к., доцент **Б.С.Әбжет**

КАДР БӨЛІМІ

РАСТАЙМЫН:
Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімінің
бастығы
қолын